Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Абай облысы білім басқармасының Жаңасемей ауданы білім бөлімінің "Талица жалпы негізгі білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Козыбаева Айгерим Ермековна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Айсугур" күзет агенттігінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғысы негізінде әрекет ететін Директор Бекетаев Серикбек Исатаевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2026-01-14» жыл № 15934360-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасалды. Бейнебақылау 27 (15 ішкі, 12 сыртқы) бейнебақылау камерасы арқылы жүргізіледі. Мектеп аумағын сыртқы жарықтандыру, мектеп аумағының периметрі бойынша қоршау бар.

8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиістң бейіні бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету 3 жылда кемінде 1 рет 36 сағаттан кем болмауы тиіс. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейін және білім беру саласында менеджмент бойынша біліктілікті арттыру – 3 жылда кемінде 1 рет.

Абай облысы білім басқармасының Жаңасемей ауданы білім бөлімінің «Талица жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ педагогтерінің

біліктілік арттыруы туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты жөні	Пәні	Курстың тақырыбы	Өткен күні, жылы	Сертификат нөмері	Сағат саны	Курстың өткен орны
1	Ниязбекова Роза Оралбековна	Бастауыш сынып мұғалімі	Развитие предметных компетенции по предметам математика, русский язык, литературное чтение учителей начальных классов 1-4 классы	02.06.2023	0664591	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
2	Кудабаева Арайлым Бекбосыновна	Химия, биология, жаратылыстану пәні мұғалімі	Жаратылыстану және химия мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін дамыту	15.03.2024	048642	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
3	Кудабаева Арайлым Бекбосыновна	Химия, биология, жаратылыстану пәні мұғалімі	Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін дамыту	19.04.2024	064380	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
4	Мухамеджанова Линара Дулатқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің пәндік құзіреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі	06.02.2026	185741	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
5	Туксумбаева Ольга Байдулетовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің пәндік құзіреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі	07.02.2025	117181	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
6	Ильясова Венера Серижановна	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс- әрекеті	12.09.2025	0784161	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
7	Джумадилова Айнаш Маратовна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар	12.09.2025	0784179	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
8	Бижасанова Шұға Санатқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру	04.10.2024	0779211	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК

9	Қамзанова Жайнар Ертайқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту	15.03.2024	053748	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
10	Әуденов Әділет Серікұлы	География пәні мұғалімі	Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту	26.04.2024	064562	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
11	Касымова Бакыт Байгалиевна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімді	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту	05.04.2024	052566	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
12	Уристемова Жанат Кошаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары	11.10.2024	116073	120	«НЗМ» ДББҰ ПШО
13	Қайроллаев Думан Әділғазыұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері педагогтерінің пәндік жіне кәсіби құзіреттіліктерін дамыту	24.05.2024	0674346	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
14	Абдали Есімхан Дарменұлы	Математика пәні мұғалімі	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер: мақсаттан күтілетін оқу нәтижесіне жету. «Математика»	12.06.2026	0918947	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
15	Омаров Парасат Берикболович	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзіреттілігін дамыту	03.10.2025	0007361	80	«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
16	Макажанова Кульзат Алимовна	Математика пәні мұғалімі	Развитие предметных компетенции учителоей математики 5-9 кдассов	26.05.2023	0564597	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
	Макажанова Кульзат Алимовна	Математика пәні мұғалімі	Педагогтердің пәндік құзіреттілігін дамыту: математиканы	07.02.2026	193593	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО

			оқытудың тиімді тәжірибесі				
17	Турашов Сырым Ермекулы	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру	03.05.2024	0672846	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
18	Дюсекенова Алия Жаныбековна	Физика пәні мұғалімі	Педагогтердің пәндік құзіреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі	27.03.2025	111897	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
19	Альханова Асемгуль Тлектесовна	Информатика пәні мұғалімі	Scaffolt құралдарын пайдаланып оқу сабақтарын жобалау	13.10.2025	0005482	72	«TALAP» коммерциялық емес АҚ
20	Кусманов Кумар Курманович	Тарих пәні мұғалімі	История	30.10.2024		80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АК
21	Галиева Эльвира Мухаметжаровна	Даярлық сынып мұғалімі	Баланы ерте дамыту бағдарлары	17.05.2024	065151	170	«НЗМ» ДББҰ ПШО
22	Козыбаева Айгерим Ермековна	Бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын іске асыру жағдайында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту	25.09.2026	168633	80	Біліктілікті арттырудың қазақстандық өңіраралық орталығы
23	Әуденов Әділет Серікұлы	Тарих пәні мұғалімі	Қазіргі білім мен тенденциялары жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің пәндік және кәсіби құзіреттілігін арттыру	18.08.2026	173931	80	Біліктілікті арттырудың қазақстандық өңіраралық орталығы
24	Касымбеков Ерлан Аманжолович	Музыка пәні мұғалімі	Музыка сабағында сыни ойлау мен шығармашылықты үйлестіру: оқушылардың музыкалық талғамын жаңаша көзқараспен кеңейту	25.09.2026	051502	80	Біліктілікті арттырудың қазақстандық өңіраралық орталығы

25	Кусманов Кумар Курманович	География пәні мұғалімі	Білім беру ұйымдарында география мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін дамыту	Өзін-өзі бағалау кезеңінде біліктілік курсынан өтіп жатыр			
25	Ниязбекова Роза Оралбековна	Шағын орталық тәрбиешісі	Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы жобалық технологиялар	Өзін-өзі бағалау кезеңінде біліктілік курсынан өтіп жатыр			

Абай облысы білім басқармасының Жаңасемей ауданы білім бөлімінің «Талица жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ басшы және басшы орынбасарларының біліктілік арттыруы туралы мәлімет

№	Басшының аты-жөні	Лауазымы	Курстың тақырыбы	Өткен күні, жылы	Сертификат нөмері	Сағат саны	Курстың өткен орны
1	Козыбаева Айгерим Ермековна	Мектеп директоры	«Мектеп басшыларының кадрлық резерві: әлеуеті және даму стратегиялары»	19.12.2023	042883	400	«НЗМ» ДББҰ ПШО
2	Козыбаева Айгерим Ермековна	Мектеп директоры	Білім берудегі менеджмент	02.05.2025	0782043	80	«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы» АҚ
3	Козыбаева Айгерим Ермековна	Мектеп директоры	Тиімді коммуникация және келіссөз жүргізу өнері	14.05.2025	151398	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
4	Уристемова Жанат Кошаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы	25.04.2025	150827	176	«НЗМ» ДББҰ ПШО
5	Уристемова Жанат Кошаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Мектеп командасының кәсіби құндылығын арттырудағы икемді дағдылар (soft skills)	02.05.2025	151039	80	«НЗМ» ДББҰ ПШО
6	Джумадилова Айнаш Маратовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Білім берудегі менеджмент	16.09.2026	8094	80	ТОО «Smart wave»
7	Ильясова Венера	Директордың тәрбие ісі	Білім берудегі менеджмент	16.09.2026	8093	80	ТОО «Smart wave»

	Серикжановна	жөніндегі орынбасары					
8	Туксумбаева Ольга Байдулетовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Білім берудегі менеджмент	16.09.2026	8092	80	ТОО «Smart wave»

9. №570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар ҰБДҚ және әкімшілік деректерді ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі бар.

10. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасау

№473 бұйрықтың сәйкестікті растайтын құжаттарында білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы және ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) жасалған жағдайлар жасалған. Мектептің кіре берісі пандуспен жабдықталған, тактильді тақтайшалар орнатылған, санитарлық торапта қажетті жағдай жасалған.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуына қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүргізілген.

11. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаждарды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» №349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11550 тіркелді), Қазақстан Республикасы «Автомобиль көлігі туралы» Заңына сәйкес балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізуші мен балаларды тасымалдауға арналған автокөліктің болуы.
«Талица жалпы негізгі білім беретін мектеп» КММ шалғайда орналасқан елді – мекеннен оқушылар ГАЗ 322173 автокөлігі арқылы тасымалданады.

Қорытынды

2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарындағы сараптау нәтижесі мектептің білім беру қызметін ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен белгіленген біліктілік талаптарының негізгі бағыттары бойынша тиісті жұмыстар жүргізілгенін көрсетті.

Мектептің оқу процесін нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастыру, педагог кадрлармен қамтамасыз ету, оқу және көркем әдебиет қорын қалыптастыру, материалдық-техникалық базаны пайдалану, цифрлық инфрақұрылымды дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасау және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бағыттары назарда болды.

13) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Талдауға ұсынылған мектеп құжаттарын сараптай келе, мектептің оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестелерінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі факультативтік, үйірме, топ және жеке сабақтардың максималды көлемін анықтауда 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарындағы оқу жоспарының шекті көлемі оқу жоспарлары сабақ кестесімен сәйкес келеді.

Қорытынды: апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) ҚазақстанРеспубликасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен сәйкес келеді.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті копонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ –мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы.

Білім алушылардың ең жоғары оқу жүктемесі олардың қажеттіліктерін ескере отырып, мектептің оқу жұмыс жоспарымен белгіленеді. Жұмыс оқу жоспарларының талдауы көрсеткендей, сыныптағы, сыныптантыс (таңдау курстары) барлық түрлерін қоса алғанда, оқушылардың ең жоғары апталық оқу жүктемесі және аттестаттау кезеңіндегі оқу жұмысы ҚРМЖМБС нормасынан аспайды. Талдауға ұсынылған құжаттарды сараптай келе, 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарының оқу жоспарларының шекті көлемі оқу жоспарларымен сәйкес келеді.

Қорытынды: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 тамызда № 29136 болып тіркелді) талаптарына сәйкес.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беріліуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2024-2024 оқу жылында 7-сыныпта барлығы 3 білім алушы, оның 1 білім алушысы ерекше білімді қажет етеді.

2025-2026 оқу жылында 8-сыныпта барлығы 3 білім алушы, оның 1 білім алушысы ерекше білімді қажет етеді.

2026-2027 оқу жылында 9-сыныпта барлығы 3 білім алушы, оның 1 білім алушысы ерекше білімді қажет етеді.

Қорытынды:Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беріліуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

14) Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшерттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)

Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Әрбір білім беру мазмұны алты білім беру саласын құрайды: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру".

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

1) тұлғалық нәтижелер;

2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;

3) пәндік нәтижелер.

Бағаланатын кезең бойынша ұсынылған құжаттарды және электронды журналды тексеру барысында 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары білім беру мазмұнын игеру мақсатында аралық, ағымдық, қорытынды жұмыстарының нәтижелері тексеріліп, талдау жасалды. Оқушылардың ұсынылған бағасы мен қорытынды баға сәйкес келеді, қорытынды бағасы мен жылдық бағасы қойылған.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында оқу бағдарламасын меңгере алмай, бағаланбай қалған оқушылар болмаған. Күнделік кз электронды журналына

барлық білім алушылардың тоқсандық, жылдық бағалары қойылған, жыл соңында сыныптан–сыныпқа көшіру педагогикалық кеңестің шешімі негізінде 1-8,-сыныптар келесі сыныпқа көшірілсе, 9-сынып оқушыларына қорытынды аттестаттау өтіп, негізгі орта білім туралы аттестат берілген. («BilimClass» электронды журналында, ҰББДҚ-да 9-сынып оқушыларының аттестат нөмірлері толықтай толтырылып, көрсетілген).

Мектептің 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында өткізілген 9,11 сыныптарында қорытынды аттестаттау бағалары сынып журналдарына қойылған.

Көрсеткіш	2024–2025	2025–2026	Өзгеріс
Оқу жылы басындағы жалпы контингент	78	78	өзгеріс жоқ
Оқу жылы соңындағы жалпы контингент	75	65	–10 оқушы; –13,3%
Жыл ішінде кеткен оқушылар	3	13	+10 оқушы
Білім сапасына есептелген оқушылар	70	60	–10 оқушы
Оқу үлгерімі	100%	100%	тұрақты
Білім сапасы	71,4%	80,0%	+8,6 пайыздық тармақ
«Үздік» оқушылар	25 (35,7%)	24 (40,0%)	үлесі +4,3 п.т.
«Екпінді» оқушылар	25 (35,7%)	24 (40,0%)	үлесі +4,3 п.т.
«Қанағат» деңгейі	20 (28,6%)	12 (20,0%)	үлесі –8,6 п.т.

Кесте білім сапасының жақсаруы тек пайыздық өсіммен шектелмейтінін көрсетеді. Бағаланған оқушылар саны 70-тен 60-қа азайғанына қарамастан, «үздік» және «екпінді» оқушылардың жиынтық үлесі 71,4%-дан 80%-ға көтерілген. «Қанағат» деңгейіндегі оқушылардың үлесі 28,6%-дан 20%-ға төмендеген. Бұл білім нәтижелері құрылымының жоғары деңгейлерге қарай өзгергенін білдіреді.

Қорытынды: ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптары орындалды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшерттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен

қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бөлім бойынша жиынтық бағалаулар мен тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға балдары уақытылы қойылған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған, мектеп директорымен бекітілген.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылынан бастап тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес. Мұғалімдердің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары балдық жүйемен жүргізілген.

Мектепте барлық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың барлық балдарының болуы «BilimClass» электронды журналы арқылы зерделенді. Сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ балдары мен бағалары қойылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінбағалау жиынтық бағалау талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалауөлшемшарттарыға сәйкес жүзеге асырылған.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылының барлық тоқсанындағы БЖБ және ТЖБ нәтижелері қойылған.Бөлімге және тоқсанға арналған бақылау жұмыстарының талдаулары қоса берілген. БҒМ 16.09.2021 жылғы № 472 бұйрығына сәйкес БЖБ және ТЖБ талдаулары жүргізілген.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 толықтыруларымен және өзгерістермен №125 бұйрығы) қалыптастырушы бағалауға қойылатын талаптар сақталған.

БЖБ және ТЖБ кестесі мектеп директорымен бекітіліп қойылған. Пән мұғалімдерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығына сәйкес БЖБ және ТЖБ талдаулары жүргізілген.

Қорытынды: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мен «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды қткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (31.05.2021ж.берілген өзгерістер мен толықтырулармен) 2- бөлімнің 3-тармағы, 3-бөлімдерінің 12,13,14,14-1 тармақтары талаптарына сәйкес келеді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің талаптарын орындау бойынша 2024–2025, 2025-2026, 2025–2026 оқу жылдарына сараптама

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасау, олардың жеке мүмкіндіктерін ескеру, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу бағытында жұмыстар ұйымдастырылды. Инклюзивті білім беруді іске асыру барысында білім алушының жеке қажеттіліктері, психофизикалық даму ерекшеліктері, оқу мүмкіндіктері мен әлеуметтік жағдайы ескеріліп, педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған жұмыстар жүргізілді.

1. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыстар

2024–2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды анықтау және оларға қажетті педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, сабаққа қатысуы, оқу материалын меңгеруі және сынып ұжымына бейімделуі назарда ұсталды.

Пән мұғалімдері оқу тапсырмаларын білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеп, тапсырмалардың күрделілік деңгейін, орындау уақытын және жұмыс түрлерін таңдауда саралау тәсілдерін қолданды.

Қажеттілігіне қарай білім алушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізіліп, олардың оқу материалын меңгеруіне қосымша қолдау көрсетілді.Ата-аналармен байланыс орнатылып, баланың оқуындағы және әлеуметтік бейімделуіндегі ерекшеліктер туралы ақпарат алмасу қамтамасыз етілді.

2. Дамудың бұзылуын түзету және педагогикалық қолдау

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсету барысында олардың оқуындағы қиындықтарды анықтау және сол қиындықтарды азайтуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарына көңіл бөлінді.

Сабақ барысында:

- ✔ оқу тапсырмаларын кезең-кезеңімен орындау;
- ✔ көрнекілік пен қосымша түсіндіруді пайдалану;
- ✔ қысқа әрі түсінікті нұсқаулық беру;
- ✔ тапсырмаларды білім алушының мүмкіндігіне қарай бейімдеу;
- ✔ жеке қолдау көрсету;
- ✔ қайталау және бекіту жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✔ қалыптастырушы бағалау арқылы кері байланыс беру сияқты әдістер қолданылды.

Бұл жұмыстар білім алушылардың оқу әрекетіне біртіндеп қосылуына, өз мүмкіндігіне сәйкес білім алуына және оқу мотивациясын сақтауға ықпал етті.

3. Әлеуметтік бейімдеу жұмыстары

Инклюзивті білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының мектеп ортасына және сынып ұжымына әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Осы бағытта білім алушылардың сыныптастарымен қарым-қатынас жасауына, бірлескен тапсырмаларға қатысуына, мектепішілік іс-шараларға өз мүмкіндігіне қарай араласуына жағдай жасалды.

Сынып жетекшілері оқушылар арасында өзара құрмет, түсіністік, қамқорлық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Оқушыларды кемсітуге, оқшаулауға және буллингке жол бермеу мәселелері тәрбие сағаттарында және сыныптық жұмыстарда қарастырылды.

4. 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстар

2025–2026 оқу жылында инклюзивті білім беру бағытындағы жұмыстар жалғастырылып, жеке қолдау көрсету мен білім алушының қажеттілігіне қарай оқу процесін бейімдеуге басымдық берілді.

Пән мұғалімдері білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмаларын саралап ұсынды. Қажет болған жағдайда қосымша түсіндіру, қайталау, жеке тапсырмалар және практикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жетістіктерін бағалау кезінде білім алушының жеке ілгерілеуіне назар аударылып, оның бастапқы мүмкіндігі мен оқу нәтижелеріндегі динамикасы ескерілді.
Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері және ата-аналар арасындағы өзара байланысты күшейту арқылы білім алушыға кешенді қолдау көрсетуге жағдай жасалды.

5. Оқу процесін бейімдеу

ЕБҚЕ білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастыру кезінде жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәсілдерді қолдану қамтамасыз етілді.

Бағыт	Жүзеге асырылған жұмыстар
Оқу мазмұны	Тапсырмаларды білім алушы мүмкіндігіне бейімдеу
Оқыту әдістері	Саралау, көрнекілік, практикалық және жеке жұмыстар
Бағалау	Жеке ілгерілеуді ескеру, қалыптастырушы кері байланыс
Қарым-қатынас	Сынып ұжымына кіріктіру, өзара қолдау
Тәрбие	Құндылықтар, толеранттылық, достық, өзара құрмет
Ата-анамен жұмыс	Кеңес беру, тұрақты ақпарат алмасу
Әлеуметтік бейімдеу	Мектеп және сынып өміріне қатысуға жағдай жасау

6. 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының салыстырмалы сараптамасы

Көрсеткіш	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы
ЕБҚ білім алушыларды қолдау	Жеке педагогикалық қолдау	Жеке қолдауды жүйелеу
Оқу тапсырмаларын бейімдеу	Қажеттілігіне қарай	Жүйелі түрде қолдану
Жеке жұмыс	Жеке тапсырмалар мен қосымша түсіндіру	Жеке оқу қажеттіліктеріне бағытталған жұмыс
Әлеуметтік бейімдеу	Сынып ұжымына кіріктіру	Бірлескен іс-әрекетке белсенді тарту
Ата-анамен жұмыс	Кеңес беру, ақпарат алмасу	ЫнтымақтастықтыкүшейтуЫнтымақтастықты күшейту
Бағалау	Оқу нәтижесін бақылау	Жеке оқу жетістігінің динамикасын бақылау
Тәрбие жұмысы	Қарым-қатынас мәдениеті	Толеранттылық, өзара қолдау, әлеуметтік бейімделу

7. Нәтижелілік

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу процесіне қатысуына, сынып ұжымымен қарым-қатынас жасауына және мектеп өміріне араласуына жағдай жасалды.

Педагогтердің саралау және жеке қолдау тәсілдерін қолдануы білім алушылардың оқу тапсырмаларын өз мүмкіндіктеріне сәйкес орындауына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар әлеуметтік бейімдеу бағытындағы жұмыстар оқушылар арасында өзара түсіністік пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

8. Анықталған мәселелер

Сараптау барысында инклюзивті білім беруді одан әрі жетілдіруді қажет ететін бағыттар анықталды:

- ✔ әр білім алушының жеке білім беру қажеттіліктерін жүйелі мониторингтеу;
- ✔ пән мұғалімдерінің оқу тапсырмаларын бейімдеу дағдыларын жетілдіру;
- ✔ жеке қолдау жұмыстарын құжаттандыруды жүйелеу;
- ✔ ата-аналардың инклюзивті білім беру процесіне қатысуын арттыру;
- ✔ түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін бақылау;
- ✔ білім алушылардың әлеуметтік бейімделу динамикасын тұрақты бақылау;
- ✔ педагогтердің инклюзивті орта құру бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Қорытынды

2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарындағы сараптама нәтижесі мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту және қолдау жұмыстарының ұйымдастырылғанын көрсетті.

Мектепте инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары – **тең мүмкіндік беру, білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру, оқу тапсырмаларын бейімдеу, педагогикалық қолдау көрсету, әлеуметтік ортаға кіріктіру және жеке даму динамикасын бақылау** бағыттары жүзеге асырылды.

2025–2026 оқу жылында 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда жеке қолдау көрсету, оқу тапсырмаларын саралау, білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау және ата-аналармен өзара әрекеттесу бағыттарындағы жұмыстарды жүйелеуге басымдық берілді.

Қорытынды: ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптары орындауға білім беру ұйымының дайын екені көрсетілді.

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары;
Білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспары, бағалау кестелері, ішкі бақылау және инклюзивті қолдау құжаттары.

Талдаудың міндеттері:

1. Екі оқу жылындағы негізгі сандық және сапалық көрсеткіштерді бірдей өлшемдер бойынша салыстыру.
2. Оқу бағдарламалары мен мемлекеттік стандарт талаптарының орындалу тұрақтылығын бағалау.
3. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерінің динамикасын анықтау.
4. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау жүйесінің өзгерісін талдау.
5. 4 және 9-сыныптардағы үлгерім, білім сапасы және оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін салыстыру.
6. Тұрақты мәселелер мен нәтижелі тәжірибелерді анықтап, нақты ұсыныстар әзірлеу.

Екі жылдық негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	2024 – 2025	2025 – 2026	Екі жылдағы өзгеріс
Білім алушылар саны	78	73	-5
Жалпы үлгерім	100%	100%	тұрақты
Жалпы білім сапасы	71,4%	80%	+8,6%
Үздіктер саны	25	24	-1
Екпінділер саны	25	24	-1

Жалпы динамика оң сипатында бағаланады. Екі жыл ішіндегі білім сапасының өзгерісі +8,6%, үлгерім тұрақты. Жоғары нәтиже көрсеткен 2025 – 2026 оқу жылы. Осы бағдарламалары мен мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы. Екі оқу жылында оқу процесін жоспарлау жұмыс оқу жоспары, үлгілік оқу бағдарламалары және мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Салыстырмалы талдау кезінде пәндерге бөлінген сағат саны, оқу мақсаттарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда толық қамтылуы, сабақтардың нақты өткізілуі және жоспардағы ауытқулардың уақтылы толықтырылуы қарастырылады.

Жылдар бойынша салыстыру.

2024 – 2025 оқу жылында негізгі назар жоспарлау құжаттарының сәйкестігін қамтамасыз етуге және оқу мақсаттарының толық қамтылуына аударылды. Тексерілген КТЖ саны – 221, анықталған ескертулер – 8. Негізгі мәселе: мерекелік күндер ескерілмеген. Қабылданған шара: түзетілді.
2025 – 2026 оқу жылында оқу мақсаттарының орындалуын тек құжат арқылы емес, білім алушылардың нақты нәтижелерімен байланысты талдауға басымдық

берілді. Тексерілген КТЖ саны – 235, ескертулер – 7. Жіберген қателіктер ескеріліп, түзетілді.

Көрсеткіш	2024 – 2025	2025 – 2026	Қорытынды
КТЖ талапқа сәйкестігі	100%	100%	тұрақты
Оқу мақсаттарының толық қамтылуы	100%	100%	тұрақты
Сабаққа қатысу барысында талаптың орындалуы	100%	100%	тұрақты

Екі жылдық қорытынды бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы жеткілікті деңгейде. Оң өзгеріске ықпал еткен негізгі факторлар: жоспарларды алдын ала сараптау, әдістемелік бірлестіктердегі пәндік талдау және анықталған кемшіліктерге қайта бақылау жүргізу. Алдағы кезеңде оқу мақсаттарының орындалуын оқушы жұмыстары мен бағалау нәтиелері арқылы дәлеледеуді жалғастыру қажет.

Оқу жетістіктерін бағалау талаптарының сақталуы.

Екі оқу жылында қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың оқу мақсаттарына сәйкестігі, өткізу кестесінің сақталуы, баллдардың дұрыс қойылуы, нәтижелердің электрондық журналға уақтылы еңгізілуі және білім алушыларға берілетін кері байланыстың сапасы салыстырылды.

2024 – 2025 оқу жылында бағалау рәсімдерінің орындалуы. БЖБ, ТЖБ бойынша анықталған бұзушылықтар – жоқ. 2025 – 2026 оқу жылында модерация мен нәтижелерді оқу мақсаты бойынша талдау тұрақты жүргізілді.

Бағалау көрсеткіші	2024 – 2025	2025 – 2026	Динамика
БЖБ нәтижелерінің пайызы	69%	73%	+4
ТЖБ нәтижелерінің пайызы	74%	78%	+4
Уақтылы еңгізілген бағалар	87%	92%	+5
Модерациямен қамтылған жұмыстар	4%	3%	- 1

Салыстыру нәтижесінде қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі қанағаттанарлық, жиынтық бағалау талаптарының бақталуы қанағаттанарлық деп бағаланады. Екі жылда тұрақты байқалған қиындықтар болмаған.

15) Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

Талдау үшін ұсынылған құжаттары мектептің білім беру қызметіне берілген

лицензиясы, мектеп жарғысы, мектептің ішкі тәртібі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері нұсқаулық-әдістемелік хаттардың ұсынымдарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту бұйрықтарына сәйкес орындалуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгіорта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 3-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 4-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптары сақталды.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қыркүйекте № 29836 болып тіркелді) талаптарына сәйкес келеді.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2024-2025 оқу жылында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортабілімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалды:

2024 жылғы 2 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 03 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).
4-тоқсан – 8 оқу аптасы, оқу жылы 2025 жылғы 25 мамырда аяқталды.
Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылды. Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталды. Әр тоқсан сайын пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының, берілген мерзімге сәйкес орындалуы тексерілді.
2025-2026 оқу жылында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес:
Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқуаптасын құрайды.
1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалды:
2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қосаалғанда:
1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 28 қазаннан бастап 03 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 09-15 ақпан аралығында).
4-тоқсан – 8 оқу аптасы, оқу жылы 2026 жылғы 25 мамырда аяқталды.

Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылды. Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталды. Әр тоқсан сайын пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының, берілген мерзімге сәйкес орындалуы тексерілді.

2026-2027 оқу жылында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқуаптасын құрайды.

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалады:

2026 жылғы 1 қыркүйек – 2027 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 26 қазаннан бастап 01 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 14 күн (2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 10 қаңтарына дейін);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 22-28 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2027 жылғы 08-14 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы, оқу жылы 2026 жылғы 25 мамырда аяқталады.

Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталды. Әр тоқсан сайын пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының, берілген мерзімге сәйкес орындалуы тексеріледі.

Қорытынды: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптардың сақталуы мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына негізделген мектеп бойынша

оқу жылының басталуы, оқу жылының ұзақтығы, каникул кезеңі туралы бұйрықтар мен оқу жылының аяқталуы туралы бұйрықтар аттестаттау кезеңі ішінде қоса берілген құжаттары талапқа сәйкес келеді.